

Бұл басылым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы емес, тек ақпараттық және аналитикалық мақсаттарға арналған. Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және олар бойынша мөлшерлемелер туралы жалпы ақпарат алуға бағытталған, Қор екінші деңгейдегі банктердің веб-сайттарында мониторинг жүргізу негізінде жиналған деректердің дәлдігіне, толықтығына, сенімділігі және өзектілігіне кепілдік бере алмайды. Банктік салым шартын жасау туралы шешім қабылдамас бұрын, таңдалған банктегі ақпаратты нақтылау қажет. Банкте депозит ашу туралы шешім қабылдаған кезде тек банктік өнімнің кірістілігіне ғана емес, сонымен қатар банктің қаржылық тұрақтылығын ескеру қажет екенін еске саламыз. Ақпарат үшін: Қор веб-сайтында депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің халықаралық рейтингтік агенттіктер тағайындаған рейтингтері туралы ақпарат орналастырылған (<https://kdif.kz/finansovaya-gramotnost/rating/>).

Жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері 2023 жылдың шілдедегі жағдайы бойынша
(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарының мониторингі негізінде)

Мазмұны:

- 1) [Шілде айындағы банктік пайыздық мөлшерлемелер динамикасына шолу](#)
- 2) [Салым түріне байланысты мөлшерлемелерді нақтылайтын кестелер](#)
- 3) [Қор ұсынатын шекті \(ең жоғарғы\) мөлшерлемелер](#)
- 4) [Қор жіктемесіндегі депозиттік өнімдер туралы ақпарат](#)

1. Шілде айындағы банктік пайыздық мөлшерлемелер динамикасына шолу

2023 жылғы 5 шілдеде ҚР Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені 16,75% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Осыған байланысты 2023 жылғы шілдеде жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақының шекті (ең жоғары) мөлшерлемелерді өзгеріссіз қалды. Қарастырылып отырған кезеңде депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы 2 банк қана депозиттік өнімдер бойынша мөлшерлемелерді қайта қарады – *Bereke Bank* және *Банк Хоум Кредит*.

Сонымен қатар, банктердің депозиттері бойынша мөлшерлемелері Қор белгілеген шекті сыйақы мөлшерлемелерінен айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін, себебі банктер ішкі депозиттік саясатқа байланысты өз депозиттік өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелері бойынша өз бетінше шешім қабылдайды.

Өз кезегінде, шолу нәтижелері банктердің депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері депозитті таңдау кезінде азаматтар үшін айқындаушы фактор болып табылмайтынын көрсетеді. Халық депозиттік өнімді таңдағанда Банктің тұрақтылығы мен сенімділігі, сондай-ақ банк ұсынатын қызметтердің ыңғайлылығы мен сапасы сияқты сипаттамаларды басшылыққа алады.

Мерзімсіз депозиттер¹

Қордың шекті мөлшерлемесі - 16,3%.

19 жүйеге қатысушы банктердің 15-і мерзімсіз депозиттерді тартады.


ВТБ Банкі 2022 жылғы желтоқсаннан бастап Қор шекті мөлшерлемесі деңгейінде мерзімсіз депозиттер бойынша ең жоғары сыйақы мөлшерлемесін ұсынады (16,3%). Алайда, осыған қарамастан, бұл банктің тарту көлемі салыстырмалы түрде төмен болып қала беруде.

Мерзімсіз депозиттерді тарту көлемі бойынша негізгі көшбасшылар әлі де келесі банктер:

- 1) *Kaspi Bank* - мөлшерлемесі 15,0%;
- 2) *Народный банк* – мөлшерлемесі 15,2%;
- 3) *БЦК* - мөлшерлемесі 15,5%.

Қатысушы банктердің көпшілігі қалыптасқан инфляция деңгейінен асатын мөлшерлемелер бойынша халықтың мерзімсіз депозиттерін тартады.

1-сурет. Мерзімсіз депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (шілде 2023 ж.)



¹ мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Өдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

Толықтырылатын мерзімді депозиттер²


Қордың шекті мөлшерлемелері: 3 және 6 ай - 16,8%, 12 ай – 14,5%, 12 айдан астам – 10,5%.

19-дан 4 жүйеге қатысушы банктер (БЦК, ҚЗИ Банкі, Forte Bank және Bank RBK) толықтыру құқығымен мерзімді депозиттерді тартады. 2023 жылғы шілдеде қатысушы банктер аталған депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзгерткен жоқ.

Депозиттердің осы сегментіндегі ең жоғары мөлшерлемелерді ҚЗИ Банк ұсынады.

Осы сегментте тарту бойынша көшбасшылардың бірі БЦК болып табылады, оның мөлшерлемелері Қордың шекті мөлшерлемелеріне жақын (3 және 6 ай – 16,0%, 12 ай – 13,7%,)

2-сурет. Толықтырылатын мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (шілде 2023 ж.)



Толықтырылмайтын мерзімді депозиттер


Қордың шекті мөлшерлемелері: 3 және 6 ай - 17,3%, 12 ай – 14,8%, 12 айдан астам – 10,7%.

19-дан 2 қатысушы банктер (ВТБ Банкі және Қытай Банкі) толықтыру құқығынсыз мерзімді депозиттер ұсынады.

² мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит - шарттық талаптары бойынша Әдістемеді көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын белгіленген сыйақы мөлшерлемесімен депозит.

Шілде айында мұндай депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелер қайта қаралмады. *ВТБ банкі, Қытай Банкі* Қордың шекті мөлшерлемелерінен едәуір төмен мөлшерлемелер бойынша барлық мерзімге толықтыру құқығынсыз мерзімді депозиттер тартады.

3-сурет. Толықтырылмайтын мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (шілде 2023 ж.)



Толықтырылатын жинақ депозиттер

Қордың шекті мөлшерлемелері: 3 және 6 ай - 17,8%, 12 ай – 15,7%, 12 айдан астам – 13,5%.


Қазіргі уақытта 9 қатысушы банктер (*Еуразиялық банк, Банк Хоум Кредит, Altyn Bank, Bank RBK, Банк Фридом Финанс, Нұрбанк, Bereke Bank, Forte Bank және Jusan Bank*) толықтыру құқығымен жинақ депозиттерін тартады. *Bereke Bank-тен* басқа қалған банктер мұндай депозиттерді шекті мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша тартады. Есепті айда *Bereke Bank* осындай салымдар бойынша *12 айдан астам мерзімімен* мөлшерлемелерді Қордың шекті мөлшерлемелерінің деңгейіне дейін – 12,2%-дан 13,5%-ға дейін көтерді.

Толықтыру құқығы бар қысқа мерзімді жинақ депозиттері бойынша банктердің көпшілігі 17,0% сыйақы мөлшерлемесі бойынша депозиттік өнімдерді ұсынады.

12 айға арналған жинақ депозиттері бойынша ұсынылатын сыйақы мөлшерлемелері 14,0%–14,9% диапазонында болады. 12 айға толықтыру құқығымен жинақ салымдары бойынша ең жоғары мөлшерлемені *Банк Хоум Кредит* ұсынады – 14,9%.

12 айдан астам мерзіммен ұзақ мерзімді толықтыру құқығы бар жинақ депозиттері бойынша мөлшерлемелер қатысушы банктердің көпшілігінде Қордың шекті мөлшерлемелерінен едәуір төмен.

4-сурет. Толықтырылатын жинақ депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (шілде 2023 ж.)



Толықтырылмайтын жинақ депозиттер

Қордың шекті мөлшерлемелері: 3 және 6 ай - 18,3%, 12 ай – 16,9%, 12 айдан астам – 14,3%.


11 қатысушы банктер (*Еуразиялық Банк, БЦК, Банк Хоум Кредит, Alтын Банк, Bank RBK, Нұрбанк, Банк Фридом Финанс, Халық банкі, ВТБ Банкі, ҚЗИ Банкі және Bereke Bank*) толықтыру құқығынсыз жинақ депозиттерін ұсынады.

2023 жылғы шілдеде 6 ай мерзімімен жинақ депозиттері бойынша мөлшерлемелерді ұлғайтуды *Банк Хоум Кредит* (17,5%-дан 17,8%-ға дейін), сондай-ақ *Bereke Bank* (13,0%-дан 13,6%-ға дейін) жүзеге асырды. Бір қатысушы банк (*Bereke Bank*) мөлшерлемелерді төмендетуді – 17,7%-дан 17,2%-ға дейін жүргізді.

Осы депозиттер бойынша ең жоғары сыйақы мөлшерлемелерін *КЗИ, ВТБ* және *Банк Хоум Кредит* ұсынады. Олардың депозиттік өнімдер бойынша мөлшерлемелері Қордың шекті мөлшерлемелері деңгейінде белгіленген. Бұл ретте осы депозиттерді тарту бойынша негізгі көшбасшылар *Халық банкі, БЦК, Bereke Bank* және *Еуразиялық Банк* болып табылады.

12 айдан асатын жинақ салымдарынан басқа барлық мерзімге толықтыру құқығынсыз жинақ салымдары бойынша мөлшерлемелер шілдеде қалыптасқан инфляция деңгейінен асып түседі.

5-сурет. Толықтырылмайтын жинақ депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (шілде 2023 ж.)



2. Салым түріне байланысты мөлшерлемелерді нақтылайтын кестелер

1-кесте. Мерзімсіз депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

№	Банктар	Мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелер		
		Мамыр 2023	Маусым 2023	Шілде 2023
		ұсынылатын ең жоғарғы мөлшерлеме деңгейінде		
1	Банк ВТБ	16,3	16,3	16,3
		ұсынылатын ең жоғарғы мөлшерлеме деңгейінен төмен		
2	Bereke Bank	16,1	16,1	16,1
3	ҚЗИ Банкі	16,1	16,1	16,1
4	Bank RBK	15,5	15,7	15,7
5	Банк Фридом Финанс	15,5	15,5	15,5
6	Банк Хоум Кредит	15,5	15,5	15,5
7	Еуразиялық Банк	15,5	15,5	15,5
8	Forte Bank	15,5	15,5	15,5
9	Altyn Bank	15,5	15,5	15,5
10	Jusan Bank	15,5	15,5	15,5
11	БЦК	15,5	15,5	15,5
12	Нұрбанк	15,5	15,5	15,5
13	Налык Bank	15,2	15,2	15,2
14	Kaspi Bank	15,0	15,0	15,0
15	Шинхан Банк	8,8	8,8	8,8

2-кесте. Толықтырылатын мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

№	Банктар	Толықтырылатын мерзімді депозиттер											
		Мамыр 2023				Маусым 2023				Шілде 2023			
		3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары
1	ҚЗИ Банкі	16,2	16,6	14,5		16,2	16,6	14,5		16,2	16,6	14,5	
2	БЦК	16,0	16,0	13,7		16,0	16,0	13,7		16,0	16,0	13,7	
3	Bank RBK			13,5	9,5			13,5	9,5			13,5	9,5
4	Forte Bank			8,0				8,0				8,0	

3-кесте. Толықтырылмайтын мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

№	Банктар	Толықтырылмайтын мерзімді депозиттер											
		Мамыр 2023				Маусым 2023				Шілде 2023			
		3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары
1	Банк ВТБ	0,0	8,8	10,0	0,0	0,0	8,8	10,0	0,0	0,0	8,8	10,0	0,0
3	Қытай Банкі	5,7	3,6	2,5	2,5	5,7	3,6	2,5	2,5	5,7	3,6	2,5	2,5

4-кесте. Толықтырылатын жинақ депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

№	Банктар	Толықтырылатын жинақ депозиттер											
		Мамыр 2023				Маусым 2023				Шілде 2023			
		3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары
1	Банк Хоум Кредит		17,0	14,9	12,7		17,0	14,9	12,7		17,0	14,9	12,7
2	Нұрбанк	17,0	17,0	14,5	12,2	17,0	17,0	14,5	12,2	17,0	17,0	14,5	12,2
3	Bereke Bank	16,9	17,0	14,5	12,2	16,9	17,0	14,5	12,2	16,9	17,0	14,5	13,5 ▲
4	Еуразиялық Банкі		17,0	14,5	7,9		17,0	14,5	7,9		17,0	14,5	7,9
5	Банк Фридом Финанс		17,0	14,5	7,9		17,0	14,5	7,9		17,0	14,5	7,9
6	Bank RBK		15,5	14,5	11,5		15,5	14,5	11,5		15,5	14,5	11,5
7	Forte Bank	17,0	17,0	14,4	11,1	17,0	17,0	14,4	11,1	17,0	17,0	14,4	11,1
8	Jusan Bank						16,8				16,8		
9	Altyn Bank	17,0	16,0	14,0		17,0	16,0	14,0		17,0	16,0	14,0	

5-кесте. Толықтырылмайтын жинақ депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

№	Банктар	Толықтырылмайтын жинақ депозиттер											
		Мамыр 2023				Маусым 2023				Шілде 2023			
		3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары
1	Банк ВТБ	18,3	18,3	16,9	14,3	18,3	18,3	16,9	14,3	18,3	18,3	16,9	14,3
2	ҚЗИ Банкі	18,2	18,3	16,9	14,2	18,2	18,3	16,9	14,2	18,2	18,3	16,9	14,2
3	Банк Хоум Кредит	17,1	17,5	16,9	14,3	17,1	17,5	16,9	14,3	17,1	17,8 ▲	16,9	14,3
4	Bank RBK	16,0	16,0	15,5	12,0	17,2	17,0	16,0	12,0	17,2	17,0	16,0	12,0
5	Нұрбанк	17,0	17,5	15,7	13,0	17,0	17,5	15,7	13,0	17,0	17,5	15,7	13,0
6	Банк Фридом Финанс	17,0	17,5	15,7	11,3	17,0	17,5	15,7	11,3	17,0	17,5	15,7	11,3
7	Еуразиялық Банкі		17,5	15,7	11,3		17,5	15,7	11,3		17,5	15,7	11,3
8	БЦК	17,2	17,2	15,7		17,2	17,2	15,7		17,2	17,2	15,7	
9	Bereke Bank	16,9	17,7	15,7	13,0	16,9	17,7	15,7	13,0	16,9	17,2 ▼	15,7	13,6 ▲
10	Altyn Bank	17,5	16,5	15,0	11,2	17,5	16,5	15,0	11,2	17,5	16,5	15,0	11,2
11	Halyk Bank		16,0	14,6	11,3		17,0	14,6	11,3		17,0	14,6	11,3

3. Сыйақының шекті (ең жоғарғы) мөлшерлемелері – 2023 жылдың маусым, шілде және тамыз айларына

2023 жылдың шілдесінде мерзімсіз, мерзімді және жинақ депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелер барлық мерзімге маусым мәндері деңгейінде сақталды.

Депозиттің санаты	Толықтырылатын депозиттер бойынша, %			Толықтырылмайтын депозиттер бойынша, %		
	Маусым 2023	Шілде 2023	Тамыз 2023	Маусым 2023	Шілде 2023	Тамыз 2023
Мерзімсіз депозиттер	16,3	16,3	16,3	16,3	16,3	16,3
Мерзімді депозиттер						
3 айға	16,8	16,8	16,8	17,3	17,3	17,3
6 айға	16,8	16,8	16,8	17,3	17,3	17,3
12 айға	14,5	14,5	14,5	14,8	14,8	14,8
24 айға	10,5	10,5	10,5	10,7	10,7	10,7
Жинақ депозиттер						
3 айға	17,8	17,8	17,8	18,3	18,3	18,3
6 айға	17,8	17,8	17,8	18,3	18,3	18,3
12 айға	15,7	15,7	15,7	16,9	16,9	16,9
24 айға	13,5	13,5	13,5	14,3	14,3	14,3

Қор жіктемесіндегі депозиттік өнімдер туралы ақпарат:

№	Банктер	Қор жіктемесіндегі депозиттік өнімнің түрі	Депозиттік өнімнің атауы
1	Еуразиялық Банк	Мерзімсіз	Turbo Deposit
		Толықтырылатын жинақ	Turbo Deposit Қазпошта
		Толықтырылмайтын жинақ	TURBO Deposit Жинақтаушы
		Талап етуге дейінгі депозит	TURBO Deposit Жинақтаушы
2	БЦҚ	Мерзімсіз	Талап етуге дейінгі депозит
		Толықтырылмайтын жинақ	Чемпион
		Толықтырылатын мерзімді	Рахмет
3	Нұрбанк	Мерзімсіз	Менің мақсатым
		Толықтырылмайтын жинақ	Нұр Алтын Оптимальный
		Толықтырылатын жинақ	Нұр Алтын Сберегательный
		Субсидияланатын (МБЖЖ ³)	Нұр Алтын Сберегательный
		Талап етуге дейінгі депозит	АQYЛ білім алуға арналған салым
4	Home Credit Bank	Мерзімсіз	Талап етуге дейінгі депозит
		Толықтырылмайтын жинақ	Қарапайым
		Толықтырылатын жинақ	Почтовый Хоум
5	Bereke Bank	Мерзімсіз	Сберегательный Хоум
		Толықтырылмайтын жинақ	Сберегательный Хоум +
		Толықтырылатын жинақ	Басқару
6	Банк ВТБ	Мерзімсіз	Пайданды жіберіп алма
		Толықтырылмайтын жинақ	Сақтау
		Толықтырылмайтын мерзімді	Жайлы
		Субсидияланатын (МБЖЖ)	Жинақтаушы
7	Halyk Bank	Мерзімсіз	Табысты
		Толықтырылмайтын жинақ	Жинақтық
		Субсидияланатын (МБЖЖ)	АQYЛ білім алуға арналған салым

³ Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі

8	Kaspi Bank	Мерзімсіз	Kaspi Депозит
9	Forte Bank	Мерзімсіз	Алынатын депозит
		Толықтырылатын мерзімді	Шығарып алусыз депозит
		Толықтырылатын жинақ	Шығарып алусыз жинақ депозиті
10	FH Jusan Bank	Мерзімсіз	OGO-депозиті
		Субсидияланатын (МБЖЖ)	Jusan депозиті
		Толықтырылатын жинақ	AQYL
11	Bank RBK	Мерзімсіз	Jusan жинақ+
		Толықтырылатын жинақ	DEPOSITUM
		Толықтырылмайтын жинақ	Grand
		Толықтырылатын мерзімді	Safe
		Талап етуге дейінгі депозит	Dream
12	Altyn Bank	Талап етуге дейінгі депозит	Талап етуге дейінгі депозит
		Мерзімсіз	Алтын Қор
		Толықтырылмайтын жинақ	Резерв
13	Банк Фридом Финанс	Толықтырылатын жинақ	Резерв+
		Мерзімсіз	КОПИЛКА
		Толықтырылмайтын жинақ	СТРАТЕГИЯ
14	ҚЗИ Банкі	Толықтырылатын жинақ	КАПИТАЛ
		Мерзімсіз	Ай сайынғы капиталдандырумен икемді депозиті
		Толықтырылмайтын жинақ	Мерзімді Салым
15	Шинхан Банк	Мерзімсіз	Жинақ депозиті
16	Отбасы банк	Мерзімсіз	Береке
		Субсидияланатын (ТҚЖЖ ⁴)	БАСПАНА
		Толықтырылатын мерзімді	БАЛАЛАР ДЕПОЗИТІ
17	Қытай Банкі	Толықтырылатын мерзімді	АРНАУ
		Талап етуге дейінгі депозит	Жеке тұлғаларға арналған мерзімді салым
		Талап етуге дейінгі депозит	Талап етуге дейінгі депозит

* Депозиттердің әр түріне кепілдік мөлшері Қордың сайтында ұсынылған: <https://www.kdif.kz/depozity-i-garantiya/garantiya/>

⁴ Тұрғын үй құрылыс жинақтау жүйесі